

"Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамының қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерге, ішкі регламенттеуші және өзге де құжаттарға, бизнес-процестер мен құрылымдық бөлімшелердің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама

Алматы қаласы

2021 жылғы «31» тамыз

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Тәуекелдер департаментінің 30.04.2021 жылғы №16-0-18/83 хатына сәйкес "Қазақстанның орнықтылық қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерге, ішкі регламенттеуші және өзге де құжаттарға, бизнес-процестер мен Қордың құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.

Осы мақсатта Қор бөлімшелерінің басшылары мен бөлімшелерінен тыс қызметкерлер арасында сауалнама жүргізілді, оның нәтижелері бойынша Қор қызметінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерге, ішкі регламенттеуші және өзге де құжаттарға, бизнес-процестерге және құрылымдық бөлімшелердің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.

Қор Басқармасының 27.05.2021 жылғы шешімімен (№17 хаттама) бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне НҚА, ІРжӨҚ және БП және ҚБ (нормативтік құқықтық актілер, ішкі регламенттеуші және өзге де құжаттар, бизнес-процестер мен құрылымдық бөлімшелер) қызметінде қолданылатын талдау жүргізу жөніндегі Іс-шаралар жоспары сауалнама жүргізуге негіз болып табылады.

Сауалнамаға Қордың келесі бөлімшелерінің басшылары мен бөлімшелерінен тыс қызметкерлер қатысты:

- 1) Корпоративтік хатшы (КХ);
- 2) Комплаенс-бақылаушы (КБ);
- 3) Басқарма хатшысы (БХ);
- 4) Киберқауіпсіздік жөніндегі бас менеджер (КК);
- 5) Әкімшілік басқару (ӘБ);
- 6) Ішкі аудит қызметі (ІАҚ);
- 7) Сыртқы коммуникациялар қызметі (СКҚ);
- 8) Заң басқармасы (ЗБ);
- 9) Тәуекелдер және талдау басқармасы (ТжТБ);

- 10) Персоналмен жұмыс жөніндегі басқарма (ПЖЖБ);
- 11) Тұрғын үй бағдарламаларын іске асыру Басқармасы (ТҰБИАБ);
- 12) Кредиттік әкімшілендіру басқармасы (КӘБ);
- 13) Қаржылық тұрақтылық бағдарламалары басқармасы (ҚТББ);
- 14) Экономиканы дамыту бағдарламалары басқармасы (ЭДББ);
- 15) Ақпараттық технологиялар басқармасы (АТБ);
- 16) Бухгалтерлік есеп басқармасы (БЕБ);
- 17) Жоспарлау және бюджеттеу бөлімі (ЖЖББ).

Қордың 2019 жылғы 25 желтоқсандағы "Баспана "Ипотекалық ұйымы" АҚ қосылу жолымен ерікті қайта ұйымдастырылуын ескере отырып, сауалнамалаумен 01.01.2020 жылдан бастап 30.06.2021 жылға дейінгі кезеңде Қор қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалуы мүмкін барлық бағыттары қамтылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде Қор Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 07.04.2021 жылғы бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды (бұдан әрі-Антикордың әдістемелік ұсынымдары) басшылыққа алды.

Ішкі талдау жүргізу барысы Қор өз қызметін төмендегі негізгі НҚА-ға сай жүзеге асыратынын көрсетті:

- 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексі;
- 2) Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңы (бұдан әрі – АҚ туралы Заң);
- 3) Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңы;
- 4) Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңы;
- 5) Қазақстан Республикасының "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Заңы;
- 6) Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы;
- 7) Қазақстан Республикасының "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заңы;
- 9) Қазақстан Республикасының "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Заңы;
- 10) Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы" Заңы;
- 11) Қазақстан Республикасының "Жарнама туралы" Заңы;
- 12) Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңы;

- 13) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Заңы;
- 14) Қазақстан Республикасының "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Заңы;
- 15) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының (бұдан әрі – ҚРҰБ) 19.03.2020 Ж. №40 қаулысымен бекітілген кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы;
- 16) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.12.2018 ж. №820 қаулысымен бекітілген ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз ету бағдарламасы;
- 17) ҚРҰБ Басқармасының 31.05.2019 ж. № 79 қаулысымен бекітілген отандық өндірістегі жеңіл автокөлікті сатып алушыларға кредит беру бағдарламасы (ҚРҰБ Басқармасының 24.05.2021 ж. № 56 қаулысымен күші жойылды);
- 18) ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 129 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасы банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасы;
- 19) "7-20-25. ҚРҰБ Басқармасының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысымен бекітілген "Әрбір отбасы үшін тұрғын үй сатып алудың жаңа мүмкіндіктері " бағдарламасы (бұдан әрі – "7-20-25"бағдарламасы);
- 20) ҚРҰБ Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 69 қаулысымен бекітілген" Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы";
- 21) "Тұрғын үй нарығында ұзақ мерзімді кредит беруді ынталандыру тәсілдері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 123 қаулысы;
- 22) ҚРҰБ Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидалары (бұдан әрі – ҚРҰБ ТЖҚ сатып алу жөніндегі қағидалары);

Ұйымдастыру-басқару қызметін жүзеге асыру кезінде Қор сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, Жарғыны, Қордың ішкі регламенттеуші құжаттарын және Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Қор Басқармасының шешімдерін басшылыққа алатынын атап өткен жөн.

НҚА, ІРЖӨҚ және БП және ҚБ іс-әрекетінде қолданылатын сауалнамалау және талдау нәтижелері:

I. Талданып отырған кезеңде 2020 жылдың қорытындылары бойынша Қордың қаржылық есептілігіне аудиторлық тексеру жүргізілді. Тәуелсіз аудиторлық

ұйымның "Делойт" ЖШС аудиторлық қорытындысына сәйкес Қордың 2020 жылға арналған қаржылық есептілігі Қордың қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелерін және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына ("ҚЕХС") сәйкес ақша қаражатының қозғалысын барлық елеулі қатынастарда анық көрсетеді, ескертпелер жоқ.

Респонденттің сыбайлас жемқорлық терминдерін, инсайдерлік ақпаратты, мүдделер қақтығысын түсінуіне қатысты сауалнама сұрақтары бойынша - респонденттердің 100%-ы дұрыс жауап берді, сол арқылы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында және Қордың ішкі регламенттеуші құжаттарында пайдаланылатын арнайы терминологияны білуінің жеткілікті деңгейін көрсетті.

НҚА, ІРЖӨҚ және БП және ҚБ бөлімшелерінің әрқайсысының қызметінде, бекітілген бизнес-процестерді, сондай-ақ аталған бизнес-процестерде көрсетілген тәуекелдер жүйесін нақты құруды атап шығуды талап ететін сауалнама мәселелері бойынша респонденттерде қиындық туындаған жоқ.

II. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін Қордың қызметіне келесі бағыттар бойынша талдау жүргізілді:

1. тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу және Қордың өзге де шарттар/келісімдер жасау процесінде

Ұсынымдар:

Тиісті ВБҚ-да ТЖҚ-ні қабылдап алуды параллельді тәуелсіз бақылау механизмін реттеу, сондай-ақ Қор Басқармасының қарауына тиісті ұсыныстар мен жобаларды ұсына отырып, бір көзден сатып алу бойынша лимитті төмендету мүмкіндігін қарастыру.

Талап-арыз жұмысын жүргізу тәртібін реттейтін тиісті ішкі регламенттеуші құжатты әзірлеу және Басқарманың бекітуіне ұсыну.

Қордың контрагенттерге айыппұл санкцияларын негізсіз қолданбау тәуекелін барынша азайту мақсатында жауапты бөлімшелер Қор Басқармасының контрагенттерге қатысты санкцияларды қолданбау мәселелеріне қатысты шешім шығару қажеттігі туралы Қор басқармасына ұсыныстар берсін.

Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар бекітілгеннен кейін шарттарға/келісімдерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе енгізілсін.

2. ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Қордың ақпаратты ашу барысында

Ұсынымдар:

Тәуекелді барынша азайту мақсатында Корпоративтік хатшы Қордың үлестес тұлғаларының жаңартылған тізбесін қалыптастырсын, оны мүдделі бөлімшелердің назарына жеткізу тәртібін, сондай-ақ бөлімшелердің өзектендірілген үлестес тұлғалар тізбесімен салыстырып, тексеруді жүзеге

асыру жөніндегі тәртібі мен жауапкершілігін және контрагенттің үлестестігі анықталған жағдайдағы одан әрі іс-қимылдарды тиісті ВБҚ-да реттеу қажет.

Қордың қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібі мен мерзімдерін белгілейтін, сондай-ақ ақпараттың әрбір түрі бойынша оны уақтылы және тиісінше орналастыруға жауапты бөлімшені/қызметкерді айқындайтын ішкі регламенттеуші құжатты әзірлесін және Қор Басқармасының қарауына және бекітуіне шығарсын.

ВБҚ-ға өзгерістер бекітілгеннен/енгізілгеннен кейін Қор қызметкерлерін оқыту ұсынылады.

3. персоналды басқару процесінде, оның ішінде кадрларды іріктеу және ауыстыру шеңберінде

Ұсынымдар:

Бос жұмыс орындары туралы ақпаратты қордың сыртқы интернет-ресурсына орналастыру рәсімін реттеу, кәсіби тестілерді және логикалық ойлау деңгейін айқындау үшін тестілерді енгізу және пайдалану, сондай-ақ еңбек шарттарын мерзімінен бұрын бұзу кезінде сауалнама жүргізу мақсатында ІРЖӨҚ -де көрсетілген процестердің тәртібі мен шарттарын регламенттеу.

4. қаржылық тұрақтылық бағдарламалары мен тұрғын үй бағдарламаларын іске асыру процесінде

Ұсынымдар:

Анықталған тәуекелді барынша азайту мақсатында бағдарламаларды іске асыруға қатысатын бөлімшелердің бизнес-процестері бойынша тікелей Ішкі аудит қызметі Бағдарламаға қатысушылардың құжаттамасына ішінара тексерулер жүргізсін.

5. Қордың бюджет және қаржы қаражатының елеулі сомаларымен операция жүргізуі кезіндегі ішкі бақылау рәсімдері бөлігінде

Ұсынымдар:

Қор қызметінің барлық бағыттары бойынша бюджет және қаржы қаражатының елеулі сомаларымен Қордың операция жасауы кезінде ішкі бақылау рәсімдеріне ТЖТБ-ның қатысу қажеттілігін қарастырсын және кейіннен ІРЖӨҚ-ге тиісті толықтырулар әзірлей отырып, Қор басқармасына ұсыныстар берсін (осындай қажеттілікті айқындау кезінде).

6. Қордың ІРЖӨҚ-де реттелмеген / автоматтандырылмаған бизнес-процестерін анықтау бөлігінде

Ұсынымдар:

Қордың НҚА мен ІРЖӨҚ нормаларының бұзылуы тәуекелдерін барынша азайту, сондай-ақ Қор бөлімшелерінің тиімді қызметі үшін бизнес-процестерді реттеу және автоматтандыру мақсатында:

- 1) ІРжӨҚ -де бизнес-процестерді және оның ішіндегі процестерді регламенттеу, сондай-ақ талдамалық анықтаманың осы бөлімінде көрсетілген ұсыныстарды іске асыру;
- 2) талдамалық анықтаманың осы бөлімінде көрсетілген ІРжӨҚ әзірлеу / өзектендіру;
- 3) талдау анықтамасының осы бөлімінде көрсетілген бизнес-процестер мен рәсімдерді автоматтандыру жөнінде шаралар қабылдау;
- 4) деректерді дұрыс енгізбеу, есепке алу және есептеу тәуекелі жоғары процестер бойынша 1С ЕПБ жүйесінде жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау.

Жұмыс тобының жетекшісі:

Жакупкалиева Ж.З.

Жұмыс тобының мүшелері:

Югай И.В.

Какимжанов Н.Ж.